

Ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне өз мүлкін Қазақстан Республикасының шегінде тасымалдағаны үшін мемлекет есебінен ақша төлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 563 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 18 қыркүйекте № 15700 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ишкі істер министрінің 22.01.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 8-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ишкі істер органдарының әскери қызметшілеріне өз мүлкін Қазақстан Республикасының шегінде тасымалдағаны үшін мемлекет есебінен ақша төлеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ишкі істер министрінің 22.01.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (Р.Ф. Жақсылықов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде елтаңбалық мөрмен куәландырылған осы бұйрықтың көшірмесін қағаз және электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Б.Б. Бисенқұловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
полиция генерал-полковнигі

К. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2017 жылғы 17 тамыздағы
№ 563 бұйрығымен
бекітілген

Ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне өз мүлкін Қазақстан Республикасының шегінде тасымалдағаны үшін мемлекет есебінен ақша төлеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – КР Ішкі істер министрінің 22.01.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне өз мүлкін Қазақстан Республикасының шегінде тасымалдағаны үшін мемлекет есебінен ақша төлеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандығы Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленген және курсанттарды, кадеттерді және мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне өз мүлкін Қазақстан Республикасының шегінде тасымалдағаны үшін мемлекет есебінен ақша төлеу тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалар 2017 жылғы 13 маусымнан кейін әскери қызметтен шығарылған адамдарға (Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуына байланысты, арнайы тексерістен бас тартқан кезде, теріс себептермен, аттестация қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сәйкесіздігі бойынша жұмыстан шығарылғандарды қоспағанда) қатысты да қолданылады.

2. Мынадай құжаттарды ұсынғаннан кейін шығарылған бұйрық әскери қызметшілерге өз мүлкін тасымалдағаны үшін мемлекет есебінен ақша төлеуге негіз болып табылады:

1) баянат;

2) мемлекеттік мекеме басшысының әскери қызметшінің кетуі (келуі) туралы бұйрығынан үзінді және нұсқаманың көшірмесі.

3. Мынадай құжаттарды ұсынғаннан кейін шығарылған бұйрық әскери қызметтен шығарылған адамдарға өз мүлкін тасымалдағаны үшін мемлекет есебінен ақша төлеуге негіз болып табылады:

- 1) өтініш;
- 2) қызметтен шығарылғаны туралы мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығынан үзінді;
- 3) әскери билеттің көшірмесі немесе әскери есепке қойылғаны туралы белгісі бар жергілікті әскери басқару органының анықтамасы.

4. Өз мүлкін тасымалдағаны үшін мемлекет есебінен ақша төлеу туралы бұйрықты әскери қызметші әскери қызмет өткеріп жатқан, ал әскери қызметтен шығарылған адамдарға әскери қызметшінің кетуінен бұрын әскери қызмет өткөрген мемлекеттік мекеменің басшысы шығарады. Бұйрықта тасымалдау бағыты, қашықтығы және төлемнің мөлшері көрсетіледі.

5. Төлем мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{L}{20 \text{ км}} \times 1 \text{ аек}$$

мұндағы: L – кету пунктінен белгіленген пунктке дейінгі автомобиль жолының километрмен есептегендегі қашықтығы;

20 км – тұрақты шама;

1 аек – тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің мөлшері.

6. Әскери қызметшілерге өз мүлкін Қазақстан Республикасының шегінде тасымалдағаны үшін мемлекет есебінен ақша төлеуді келесі қаржы жылышың бірінші тоқсанында төленетін жылдың төртінші тоқсанында жүзеге асырылған тасымалдауларды қоспағанда, қаржы жылышың ішінде, ал әскери қызметтен шығарылған адамдарға әскери қызметтен кетуден бұрын ақшалай үлесте тұрған мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1994 жылдың 27 желтоқсандағы 178-бабының 1-тармағында белгіленген талап қоюдың жалпы мерзімі шегінде жүргізеді.

7. Өз мүлкін тасымалдау үшін көлік түрін және тасымалдаушыны әскери қызметшінің өзі немесе әскери қызметтен шығарылған адам айқындаиды.